



**"Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік дактилоскопиялық тіркеу туралы"
Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 13 желтоқсан N 1628

Ескерту. Жоба Парламент Мәжілісінен қайтарып алынды - ҚР Үкіметінің
2002.04.12. N 419 қаулысымен. P020419_

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік дактилоскопиялық тіркеу туралы"
Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті
Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік
дактилоскопиялық тіркеу туралы

Осы Заң Қазақстан Республикасында азаматтарды, мемлекеттік дактилоскопиялық тіркеудің (бұдан әрі - дактилоскопиялық тіркеу) мақсаттарын, міндеттерін, құқықтық негіздері мен қағидаттарын, сондай-ақ осы жұмысты жүзеге асырушы уәкілетті мемлекеттік органды, ведомстволық дактилоскопиялық тіркеуді жүргізуші өзге де мемлекеттік органдарды, олардың құқықтарын және міндеттерін дактилоскопиялық ақпаратты материалдық тасығыштарда сақтау мен пайдалану жағдайларын а й қ ы н д а й д ы .

1 - т а р а у . Жалпы ережелер

1-бап. Осы Заңда қолданылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар қолданылады:

- 1) дактилоскопиялық тіркеу - адамның жеке басын ұқсастыру үшін дактилоскопиялық ақпаратты алу, есепке алу, сақтау, топтастыру және беру жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның қызметі;
- 2) дактилоскопиялық ақпарат - адам қолы саусақтарының папиллярлық өрнектері құрылымының ерекшеліктері туралы және жеке адамның деректері туралы ақпарат;
- 3) материалдық тасығыштар - дактилоскопиялық ақпараты бар мәліметтердің көріністері рәміздер, бейнелер, белгілер, техникалық шешімдер мен процестер түрінде танылатын материалдық объектілер, оның ішінде физикалық өрістер;
- 4) ақпараттық қорым - материалдық тасығыштарда жинақталған дактилоскопиялық ақпараттардың жүйелі түрдегі жиынтығы.

2-бап. Дактилоскопиялық тіркеудің құқықтық негізі

Қазақстан Республикасының К951000_ Конституциясы, осы Заң және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық кесімдері, сондай-ақ халықаралық шарттар жеке тұлғаларды дактилоскопиялық тіркеудің құқықтық негізі болып т а б ы л а д ы .

3-бап. Дактилоскопиялық тіркеудің мақсаттары

Дактилоскопиялық тіркеу адамның жеке басын ұқсастыру - тегін, атын, әкесінің атын, туған күнін және туған жерін адам қолы саусақтарының папиллярлық өрнектері бойынша анықтау мақсатында жүзеге асырылады және пайдаланылады.

4-бап. Дактилоскопиялық тіркеудің міндеттері

Қазақстан Республикасындағы дактилоскопиялық тіркеу:

- 1) хабар-ошарсыз жоғалған жеке тұлғаларды іздестіру;
- 2) адамның жеке басын танылмаған мәйіттер бойынша анықтау;
- 3) денсаулық жағдайына немесе жасына байланысты өзі туралы деректер беруге қабілеті жоқ жеке тұлғалардың жеке басын анықтау;
- 4) қылмыстардың алдын алу, ашу мен тергеу, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылықтың алдын алу және анықтау;
- 5) Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетел азаматтарының және

азаматтығы жоқ адамдардың жеке басын растау мәселелерін шешу үшін пайдаланылады.

5-бап. Дактилоскопиялық тіркеудің қағидаттары

1. Адамдарды дактилоскопиялық тіркеу заңдылық, гуманизм, адамның ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеу, адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, құпиялылық, міндеттілік пен өз еркі үйлесімдігі қағидаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Материалдық тасығыштарға дактилоскопиялық ақпарат алу адамның өмірі мен денсаулығына қауіп төндірмеуі тиіс.

2-тарау. Мемлекеттік дактилоскопиялық тіркеуді ұйымдастыру

6-бап. Мемлекеттік дактилоскопиялық тіркеуді жүзеге асырушы органдар

Мемлекеттік дактилоскопиялық тіркеуді дактилоскопиялық тіркеудің субъектілері:

1) мемлекеттік дактилоскопиялық тіркеу саласындағы қызметті үйлестіруші уәкілетті орган;

2) ведомстволық дактилоскопиялық тіркеуді жүргізуші өзге де мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

7-бап. Уәкілетті мемлекеттік орган

Уәкілетті мемлекеттік орган дактилоскопиялық ақпаратты әзірлеуді, жинауды, өңдеуді, жинақтауды және сақтауды жүзеге асырады, дактилоскопиялық тіркеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады, Қазақстан Республикасында дактилоскопиялық тіркеуді жетілдіру жөніндегі бағдарламаларды әзірлейді және жүзеге асырады.

Дактилоскопиялық тіркеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру мақсатында уәкілетті орган:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен дактилоскопиялық тіркеу мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық кесімдер шығарады;

2) дактилоскопиялық тіркеуді жүргізуге, оның мәліметтерінің шынайылығына, объективтігіне және уақытылы болуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

3) шетелдермен және халықаралық ұйымдармен дактилоскопиялық тіркеу саласындағы ынтымақтастықты жүзеге асырады, олармен Қазақстан Республикасындағы дактилоскопиялық тіркеуді дамытуға бағытталған келісімдер мен шарттар жасасады.

Уәкілетті мемлекеттік органның дактилоскопиялық тіркеу мен бастапқы есепті ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі нормативтік құқықтық кесімдері ведомстволық дактилоскопиялық тіркеуді жүргізуші өзге де мемлекеттік органдарға орындау үшін

м і н д е т т і .

8-бап. Уәкілетті мемлекеттік органның құқықтары

Уәкілетті мемлекеттік орган және оның аумақтық бөлімшелері өз құзыреттері ш е г і н д е :

1) ведомстволық дактилоскопиялық тіркеуді жүргізуші өзге де мемлекеттік органдардан шынайы дактилоскопиялық құжаттаманы белгіленген көлемде қайтарусыз а л у ғ а .

2) дактилоскопиялық тіркеудің бастапқы есеп және есеп берудің берілген нысандарын көрсетудің шынайылығына бақылау жасауды жүзеге асыруға;

3) ведомстволық дактилоскопиялық тіркеуді жүргізуші өзге де мемлекеттік органдардың осы Заңмен белгіленген ақпараттық қорларды қалыптастыру және пайдалану саласындағы қызметін, сондай-ақ жұмысын үйлестіруге;

4) ведомстволық дактилоскопиялық тіркеуді жүргізуші өзге де мемлекеттік органдар үшін міндетті бірыңғай қағидаттар мен деректерді есепке алудың, жинақтаудың және өңдеу жүргізудің тәртібін реттейтін нормативтік кесімдер шығаруға ;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құқықтарды п а й д а л а н у ғ а қ ұ қ ы л ы .

9-бап. Уәкілетті мемлекеттік органның міндеттері

Уәкілетті мемлекеттік орган мен оның аумақтық бөлімшелері өз құзыреттері ш е г і н д е :

1) дактилоскопиялық тіркеуді халықаралық стандарттарға сәйкес әдістемелердің негізінде жүргізуді жүзеге асыруға;

2) мемлекеттік органдарды олардың сұрау салулары бойынша нормативтік құқықтық кесімдермен белгіленген шегі мен көлемде дактилоскопиялық тіркеу мәселелері бойынша жиынтық статистикалық және талдау ақпараттарымен, анықтамалық мәліметтермен қамтамасыз етуге;

3) ақпараттық-статистикалық және ақпараттық-іздістіру қызметті жетілдіру жөнiнде шаралар қабылдауға;

4) дактилоскопиялық тіркеу объектілері жөнiндегі ақпараттық-іздістірудің деректер базасын жинақтауды жүргізуге;

5) қызметтік құпияны және есепке алу объектілері жөнiндегі бастапқы дактилоскопиялық ақпараттың құпиялылығын сақтауды, ақпараттық жүйелерді рұқсат етілмеген пайдаланудан, бүлдіруден немесе дактилоскопиялық тіркеу көлемі жөнiндегі деректерді жоюдан қорғауды қамтамасыз етуге міндетті.

10-бап. Ведомстволық дактилоскопиялық тіркеуді жүргізуші өзге де мемлекеттік органдардың құқықтары мен міндеттері

1. Ведомстволық дактилоскопиялық тіркеуді жүргізуші өзге де мемлекеттік органдар өз құзыреттері шегінде:

1) уәкілетті органға ақпараттық-статистикалық және

ақпараттық-іздістіру қызметті жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізуге;

2) дактилоскопиялық тіркеу объектілеріне ведомстволық статистикалық қадағалаулар жүргізуге құқылы.

2. Ведомстволық дактилоскопиялық тіркеуді жүргізуші өзге де мемлекеттік органдар:

1) уәкілетті органға нормативтік құқықтық кесімдерде белгіленген көлемде және мерзімде бастапқы ақпарат пен статистикалық есепті қайтарусыз беруге;

2) өз құзыреттері шегінде бастапқы дактилоскопиялық және статистикалық есепке алуға бақылау жасауға;

3) бастапқы есепке алу мен статистикалық есеп берудің осы нысандарының шынайылығын қамтамасыз етуге міндетті.

3-тарау. Дактилоскопиялық тіркеуді жүргізу

11-бап. Дактилоскопиялық тіркеуді жүргізу

1. Жеке тұлғаларды дактилоскопиялық тіркеуді осы Заңға сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын мемлекеттік орган жүргізеді.

2. Міндетті дактилоскопиялық тіркеуге:

1) Қазақстан Республикасының 16 жасқа толған және одан асқан азаматтары (жеке басын куәландыратын құжаттарды ресімдеу кезінде);

2) Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттіктің, ішкі істер органдарының әскери қызметшілері, қызметкерлері, азаматтық авиация экипаждарының мүшелері;

3) халықаралық құқық нормаларымен көпшілікке танылған қағидаттарда және халықаралық шарттар шегінде көзделген Қазақстан Республикасының аумағында ұдайы тұратын шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдар;

4) Қазақстан Республикасынан тыс шығарып жіберуге (депортациялауға) душар болатын шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдар;

5) сотталғандар, қылмыстың жасалуына сезікті деп ұсталғандар, қылмыс жасауға қатысты айыпталушылар, әкімшілік қамауға ұшырағандар, сондай-ақ әкімшілік құқық

бұзушылықты жасауға қатысты сезікті адамдар, егер оларды басқа жолмен анықтау мүмкін болмаса;

6) ұсталып, уақытша оқшаулау, бейімдеу және ақтау орталықтарында қамауда отырған жасөспірімдер мен кәмелетке толмаған бақылаусыз қалған балалар;

7) танылмаған мәйіттер және зорлап өлтіру белгісі бар мәйіттер жатады.

3. Жеке тұлғалар уәкілетті мемлекеттік органға берілетін жазбаша өтініштері бойынша жүргізілетін дактилоскопиялық тіркеуден өз еркімен өтуге құқылы.

Сот шешімімен әрекет қабілеттігі жоқ деп танылған Қазақстан Республикасының азаматтарын дактилоскопиялық тіркеу олардың заңды өкілдерінің қатысуымен жазбаша өтініштер негізінде жүргізіледі.

4. Құрамында дактилоскопиялық ақпарат болатын материалдық тасығыштың

данасында мынадай деректер болуы керек:

1) адамның қол саусақтарының папиллярлық өрнектері;

2) тегі, аты, әкесінің аты, жынысы, туған датасы мен жері, тұрғылықты жері немесе болатын жері бойынша (танылмаған мәйіттер және зорлап өлтіру белгісі бар мәйіттер, олардың табылу орны мен уақыты туралы ақпаратты-қоспағанда) тіркеу туралы мәліметтер;

3) дактилоскопиялық ақпаратты алған уәкілетті орган бөлімшесінің атауы;

4) дактилоскопиялық ақпаратты алу датасы.

4-тарау. Дактилоскопиялық ақпаратты сақтау,
пайдалану және жою

12-бап. Дактилоскопиялық ақпарат алудың тәртібі

Ведомстволық дактилоскопиялық тіркеуді жүргізуші өзге де мемлекеттік органдардан дактилоскопиялық ақпарат алудың тәртібін уәкілетті мемлекеттік орган белгілейді.

13-бап. Дактилоскопиялық ақпаратты сақтауға және пайдалануға
қойылатын негізгі талаптар

1. Дактилоскопиялық ақпараттарды құрайтын мәліметтер қызметтік құпияға жатады. Мәліметтерді қолдану Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Дактилоскопиялық ақпаратты материалдық тасығыштарда сақтау және пайдалану жағдайлары оны бұрмалау, жоғалту, оларға еркін қол жеткізу мүмкіндігін болдырмауы, сондай-ақ ақпараттың толықтығы мен сапалы болуын қамтамасыз етуі тиіс.

14-бап. Дактилоскопиялық ақпараты бар материалдық

Дактилоскопиялық ақпараты бар материалдық тасығыштарды сақтауды, сондай-ақ оны бір жүйеге келтіруді және беруді осы Заңда көзделген талаптарды сақтай отырып, осы Заңда көрсетілген мемлекеттік органның уәкілі жүзеге асырады.

15-бап. Дактилоскопиялық ақпаратты пайдалану

1. Осы Заңның 4-бабында көрсетілген міндеттерді орындау мақсатында қылмыстық қудалауды, қылмыстық жазалардың орындалуын, әкімшілік өндірісті жүзеге асырушы органдар, соттар, сондай-ақ қашқын мәртебесін анықтайтын органдар, Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттіктің бөлімшелері дактилоскопиялық ақпаратты п а й д а л а н у ғ а к ү қ ы л ы .

2. Ақпараттық қорымдарда жинақталған дактилоскопиялық ақпаратты алу құқығы шетел мемлекеттеріне Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес б е р і л у і м ү м к і н .

16-бап. Дактилоскопиялық ақпаратты сақтау мерзімі

1. Мемлекеттік дактилоскопиялық тіркеуді жүргізу нәтижесінде алынған және ақпараттық қорымдарда жинақталған дактилоскопиялық ақпарат жеке тұлғаның өлу фактісі анықталғанға дейін сақталады.

2. Заңдармен белгіленген тәртіппен хабар-ошарсыз жоғалған деп танылған немесе оны сот өлген деп жариялаған адамдар туралы дактилоскопиялық ақпарат сот шешімі заңды күшіне енген сәттен бастап 25 жыл сақталады.

3. Танылмаған мәйіттер туралы дактилоскопиялық ақпарат адамның жеке басы анықталғанға дейін, бірақ 10 жылдан аспайтын мерзім ішінде сақталады.

4. Шетелдерден алынған дактилоскопиялық ақпарат оның мазмұнына байланысты осы баптың 2 және 3-тармақтарына сәйкес сақталады.

17-бап. Дактилоскопиялық ақпаратты жою

1. Мемлекеттік дактилоскопиялық тіркеуді жүргізу нәтижесінде алынған, сондай-ақ шетел мемлекеттерінен алынған дактилоскопиялық ақпаратты оны сақтауды жүзеге асырушы уәкілетті мемлекеттік орган жояды.

2. Дактилоскопиялық ақпарат осы Заңның 16-бабында көзделген сақтау мерзімі өткеннен кейін жойылады.

5-тарау. Қорытынды ережелер

18-бап. Дактилоскопиялық тіркеуді материалдық-техникалық

қамтамасыз ету және қаржыландыру

1. Жеке тұлғаларды дактилоскопиялық тіркеу, дактилоскопиялық

ақпаратты сақтау және пайдалану жөніндегі жұмыстарды қаржыландыру республикалық бюджеттің қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Заңды кезең-кезеңмен іске асыру мерзімдерін белгілейді.

2. Жеке тұлғаларды дактилоскопиялық тіркеу жөніндегі жұмыстарды материалдық-техникалық қамтамасыз етудің нормаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

19-бап. Дактилоскопиялық тіркеу туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзғандығы үшін жауапкершілік

Мемлекеттік органның лауазымды адамдары Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес дактилоскопиялық ақпараттарды алу, сақтау тәртібін бұзғаны және заңсыз пайдаланғаны үшін жауап береді.

20-бап. Дактилоскопиялық тіркеуді жүзеге асырушы органдардың және лауазымды адамдардың шешімдері мен іс-әрекеттеріне шағым беру тәртібі

Дактилоскопиялық тіркеуді жүзеге асырушы және дактилоскопиялық ақпаратты пайдаланушы органдардың және лауазымды адамдардың шешімдері мен іс-әрекеттеріне Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте шағым беруге болады.

21-бап. Осы Заңның қолданысқа енуі

Осы Заң 2003 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК